

“Ақтөбе қаласының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “№22 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы бойынша кемшіліктерді жою туралы АНЫҚТАМА

27.09.2024 жыл - 03.10.2024 жыл аралығында Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті “Ақтөбе қаласының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “№22 орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесін мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысында көрсетілген барлық кемшіліктерді жою жұмыстарын ұйымдастыру бойынша 2024 жылдың 30 қазанда педагогикалық кеңес өткізіліп, педагогикалық ұжымға Мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы таныстырылды.

Кемшіліктер мен ескертулер :

Өлшемшарттың 12.10 тарауы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы “Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы” №348 бұйрығының 2-қосымшасы 2-тарауы 27 -тармағының, 3-қосымшасы 2-тарауы 39-тармағының, 4-қосымшасы 2-тарауы 29 -тармағының талаптарына сәйкес келмейді. Исмагулова Мариям Абдрахмановна (бастауыш сынып мұғалімі) біліктілікті арттыру курсының мерзімі өткен, директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Тастемирова Айнагуль Зарлыковна басшы орынбасары ретінде біліктілік санаты жоқ, білім беру қызметіне санитарлық -эпидемиологиялық қорытындысы, жабдықталған модификациялық химия кабинеті жоқ.

Кемшіліктер мен ескертулерді жою жолдары:

1.Бастауыш класс мұғалімі пәні Исмагулова Мариям Абдрахмановназейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты №20 бұйрық негізінде 29.08. 2024 жылы жұмыстан босатылды.



2.Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Тастемирова Айнагуль Зарлыковна 2016-2021жылдар аралығында бала күтіміне байланысты бес жыл мерзімінде декреттік демалыста болды. 28.08.2021жылы № 298 бұйрық негізінде декреттік демалыстан қосылып, 01.09.2021 жылдан бастап директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары қызметін жалғастырды. Сондықтан басшы орынбасары ретінде қазіргі таңда санаты жоқ. 2024-2025 оқу жылына басшы орынбасары қызметіне аттестациядан өтуге сұраныс жоспарланды.